

Мұнайлы аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 2/18 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 01 маусымда № 3049 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Мұнайлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспесі жаңа редакцияда – Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 27.04.2018 № 22/274 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Мұнайлы аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. Мұнайлы аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (А. Жанбуршина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мұнайлы аудандық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі, заңдылық, құқық тәртібі, депутаттар өкілеттілігі және әдеп жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрайымы Г. Конысбаева).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы

А. Ширшикбаев

Б. Назар

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Мұнайлы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. Таңатар
20 сәуір 2016 жыл
"КЕЛІСІЛДІ"
"Мұнайлы аудандық жер
қатынастары бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
Ә. Өтегенов
20 сәуір 2016 жыл

Мұнайлы аудандық мәслихатының
2016 жылғы 20 сәуірдегі
№ 2/18 шешіміне қосымша

Мұнайлы аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/309 "Қызылтөбе ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2706 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 21 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Қызылтөбе ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Қызылтөбе ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу схемасы мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және жер аймақтарының сипаттамасы осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін."
;

"Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және Қызылтөбе ауылдық округі жер аймақтарының сипаттамасы".

2. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/310 "Қызылтөбе ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2704 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 15 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Қызылтөбе ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Қызылтөбе ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы мен жер аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.";

"Қызылтөбе ауылдық округі жерлері аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері".

3. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/311 "Дәулет ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2707 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 21 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Дәулет ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Дәулет ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу схемасы мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және жер аймақтарының сипаттамасы осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін." ;

"Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және Дәулет ауылдық округі жер аймақтарының сипаттамасы".

4. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/312 "Дәулет ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2701 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 15 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Дәулет ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Дәулет ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы мен жер аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.";

"Дәулет ауылдық округі жерлері аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері".

5. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/313 "Батыр ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2708 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 19 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Батыр ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Батыр ауылдық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу схемасы мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және жер аймақтарының сипаттамасы осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін."
;

"Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және Батыр ауылдық округі жер аймақтарының сипаттамасы".

6. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/314 "Батыр ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2700 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 14 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Батыр ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Батыр ауылдық округін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы мен жер аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.";

"Батыр ауылдық округі жерлері аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері".

7. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/315 "Баянды ауылы бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2709 болып тіркелген, 2015

жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 19 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Баянды ауылы бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Баянды ауылы бойынша бағалық аймақтарға бөлу схемасы мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және жер аймақтарының сипаттамасы осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.";

"Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және Баянды ауылы жер аймақтарының сипаттамасы".

8. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/316 "Баянды ауылын салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2702 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 15 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Баянды ауылын салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Баянды ауылын салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы мен жер аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.";

"Баянды ауылы жерлері аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері".

9. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/317 "Емір елді мекені бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2710 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 19 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Емір елді мекені бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Емір елді мекені бойынша бағалық аймақтарға бөлу схемасы мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және жер аймақтарының сипаттамасы осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.";

"Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері және Емір елді мекені жер аймақтарының сипаттамасы".

10. Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/318 "Емір елді мекенін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2703 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырдағы № 33-34 (484-485) "Мұнайлы" газетінде және 2015 жылғы 15 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбы, 1 тармағы және 2 қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Емір елді мекенін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері туралы";

"1. Емір елді мекенін салық салу мақсатында аймақтарға бөлу схемасы мен жер аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.";

"Емір елді мекені жерлері аймақтарының сипаттамасы және салық салу мақсатындағы жер салығының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенттері".